

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№ 3(58) 2018



Оңтүстік Қазақстан облысы,
Мақтаарал ауданы, Жетісай қаласындағы
«Сырдария» университетіне - 20 жыл

Оспанова Гулмария Тұрысбекқызы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Maryama140870@gmail.com

Солтанаева Еркінгүл Молотқызы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, gulkataim@gmail.com

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

Түйін: Мақалада инновациялық технологияларды оқу үдерісіне пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады. Осыған орай кез-келген студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылуы керек.

Резюме: В статье рассматриваются особенности использования инновационных технологий в учебном процессе. В связи с этим в статье обосновывается необходимость лично-ориентированного обучения, основанного на индивидуальных возможностях студента, его любознательных и творческих способностях, что предполагает использовать в учебном процессе современные инновационные технологии обучения.

Summary: In the article features the use of innovative technologies in the educational process. In this regard, the article explains the need for a student-centered learning, based on the individual capabilities of the student, his curiosity and creativity, which intends to use in teaching modern innovative learning technologies.

Оқыту үдерісі оқу тапсырмаларының шешімін іздестіруге мүмкіндік беретін, арнайы қабілеттер мен дағдыларды орындауды студенттерден талап ететін, күрделі ұйымдастырушылық іс-әрекет болып табылады. Мұнда оқу материалының қаншалықты игерілуі емес, білім беру субъектісінің жаңалануы маңызды. Оқытудың эвристикалық әдістері ең алдымен, студенттердің тұлғалық қасиеттерін өзгертуге бейімделеді. Мысалы, А.В. Хуторскойдың айтуынша, «студенттің өзін шығармашылық қасиеттерінен көрсетуі эвристикалық оқытудың тапсырмасы ретінде, үш өзара байланысты мақсаттардан көрінеді: студенттің меңгеретін білім алу жүйесіндегі өнімін жасауы; осы салалардың басты мазмұнын өз нәтижелерімен сәйкестендіру арқылы игеруі; әр білім беру салаларында жеке білім беру траекториясын ретке келтіруі» [1, 55-б.].

В.И. Андреев оқытудың эвристикалық әдістерін «шығармашылық тапсырмаларды студенттердің іс-әрекетінің түйсіктік шараларын дамыту мақсатында, тұлғаның өзін басқаруы мен педагогикалық басқару заңдылықтарын, қағидаларын есепке алумен жасалынған, студент іс-әрекеті (оқу әдістері) мен педагог іс-әрекетінің (оқыту әдістері) «эвристикалық ережелерінің жүйесі» ретінде қарастырады [2, 132-б.]. Эвристикалық оқытудағы уақыттық шығындар дәстүрлі технологияларды пайдаланып оқытумен салыстырғанда артпайды.


Эвристикалық оқыту тарихы бойында көптеген әдістер мен олардың модификациялары жасалды. Тәжірибе көрсеткендей, бірқатар әдістердің тиімділігі жоғары және кеңінен қолданылады. Кең таралған әдістердің бірі, «миға шабуыл» - белгіленген тапсырманы шешу идеяларының ұжымдық шоғырландырылу әдісі болып табылады.

Студенттердің креативтілігін қалыптастыруға бағытталған эвристикалық әдістерін сурет 1-де көрсетеміз.

Когнитивтік әдістер – ғылымдағы зерттеу әдістері болып табылады. Оларға: жаттығу, анализ жасау, болжам жасау, салыстыру, бақылау әдістері жатады.

Креативтік әдістер – оқытуда студенттердің өзіндік оқу ресурстарын жасауына мүмкіндік туғызатын әдістер. Оларға: «миға шабуыл», «егер де», «инверсия», «әсірелеу», «жалғамалылық» әдістері жатады. Бұл әдістер физиканы оқытуда болашақ физика мұғалімдерінің алған білімдерін өздігінен тәжірибеде қолдана алуына, есептерді, мәселелерді өз бетінше шешуіне, және шешімдердің бірнеше жолын таба алуға мүмкіндік береді.

Ерекше іс-әрекеттік әдістер – білім беруді басқарушылардың, оқытушылардың және студенттердің әдістері болып бөлінеді. Оларға оқыту субъектісін жоспарлау және мақсатты белгілеу әдісі, оқушылардың білім беру бағдарламаларын жасау әдісі, қалыпты шығармашылық әдісі, оқытуды өздігінен ұйымдастыру әдісі, өзара оқыту әдісі, рецензия әдісі, эвристикалық іс-әрекетті бақылау әдісі, өзін бағалау және рефлексия әдісі.



Сурет 1 – Эвристикалық оқыту әдістері

Эвристикалық әдістерді топтастырудың түрлі амалдары жасалынды. А.В.Морозов эвристикалық оқытудың осындай ұйымдастырушылық түрлерін ұсынды [3, 88-б.].

А.Қ. Мынбаева, З.М.Садвақасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды. Олар инновацияны жаңалық және жаңалықты практикаға енгізетін үрдіс, мақсатқа бағытталған үрдіс ретінде қарастырған [4, 33-б.].

Н.Р.Юсуфбеков педагогикалық инноватикаға көп назар аударды. Оның ойынша педагогикалық инновация бұл педагогикалық жаңалықтарды құру, бағалау және педагогикалық қауымдастықтың игеруі, практикада жүзеге асыруы туралы ілім [4, 78-б.].

Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова білім берудегі инновациялық үрдістердің заңдылықтарын білдірді. Олар инновациялық үрдістің негізгі білім берудегі төрт заңдылығын көрсетті:

- педагогикалық инновациялық ортаны қайтарымсыз тұрақсыздандыратын заңдылық. Бұл заңдылықтың мағынасы – білім беру жүйесіндегі әр инновациялық үрдістің әлеуметтік-педагогикалық инновация ортасына тұрақсыз, қайтарымсыз әсерін тигізетінін меңзейді. Қалыптасқан бұрынғы ортаны мүлдем жандандыруға болмайды.

- инновациялық үрдістің финалды жүзеге асу заңдылығы. Жаңалық күйіндегі бастапқы инновациялық үрдіс ерте немесе кеш болса да жүзеге асырылады. Бұл стихиялы немесе саналы басқарылымда орындалады.

- педагогикалық инновациялардың стереотиптену заңдылығы. Әр педагогикалық инновацияның ой стереотипіне айналу тенденциясы бар;

- жаңа жағдайда педагогикалық инновацияның циклдік қайталану заңдылығы. Инновация әрқашан бұрын болған секілді көрінеді. Әлде ол мүлдем қайталанбаса да [6, 95-б.].

Сонымен инновация термині ғылыми зерттеуде мәселелік жалғасымын тапты.

Жоғарыда көрсетілген инновациялар туралы ойларды жүйелейтін болсақ инновацияның жан-жақты аспектіде қолданылатынын байқаймыз. Оның ситуативті болмыс күйін көреміз. «Яғни инновацияның тұрақты мәні бар ма?» - деген сұрақ туындайды. Осы жағдайда алдымен басқа сұраққа жауап беру керек: «Біз инновацияның практикалық көрінісі күйінде нені көреміз?».

Жалпы инновацияның практикалық көрінісінде жаңа аппараттарды, құжаттарды, заттарды, функцияларды, технологияларды, әдістерді, құралдарды және тағы да басқаларды көреміз. Осы тізбектелген жаңалықтардың ортақ қасиеті болып – жаңашылдықты, жаңа үрдісті байқаймыз. Демек, инновация – жалпылаушы ұғым болып табылатынына көзіміз жетеді. Осы жағдайда ой тұжырымдайтын болсақ, инновация өз бойында жаңашылдығы бар әртүрлі нақты ұғымдарды (заттық

формада, үрдіс түрінде, құрал ретінде) құрайды. Сол нақты ұғымдардың мазмұнына қарайтын болсақ, олардың әр қайсысының өзіндік табиғаты бар. Яғни, осыдан білетініміз инновацияның нақты анықтамасын, жүйелі заңдылықтарын құру мүмкін емес, тек жалпылама, барлығына ортақ заңдылықтарын, қызметін анықтауға болады. Осыдан шығатыны - инновацияның синергетикалық болмысы. Басқаша түсіндіргенде, инновацияның мәнін құрайтын инновациялық элементтерден қалыптасады. Элементтердің қалыптасу ерекшеліктері инновацияның типтерін анықтайды.

В.М. Полонский инновацияны қолдану спецификасы мен орнына байланысты келесі түрлерге жіктеді:

Технологиялық инновациялар – өнімдерді дайындаудың жаңа түрі болып табылады. Олар білім беруді дамытуға негіз қалыптастырады. Технологиялық инновациялар кейпінде білім беру жүйесінде, оқуға қолданатын әр-түрлі техникалық құралдар мен жабдықтарды көруге болады. Компьютерлік технологиялар, интернет желісі, ақпаратты сақтау және оны тасымалдау технологиялары оқытудың сапасын жағары көтереді. Дидактикалық ұстаным бойынша ақпараттық орта мен бағдарламалық камтасыз етуді қолдану оқытудың жаңа құралдарын білдірді.

Әдістемелік инновация – бұл оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыратын әдістемелік саласындағы инновациялар. Бұл білім беру саласындағы кең тараған жаңалықтардың түрлері. Практикада әдістемелік инновациялар ұйымдастырудағы жаңалықтарды енгізумен тығыз байланысты. Олар білім беру жағдайында мақсат белгілі болғанмен де, қолданатын әдістер мен құралдар қосымша ізденісті қажет еткенде кездеседі. Бұл инновацияның түрі жеке әдістерде жиі кездеседі.

Ұйымдастырушылық инновациялар - жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен жаңа формаларын игерумен байланысты. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық инновациялар құрылымдық бөлімдердің, әлеуметтік топтардың, жеке тұлғалардың ықпалының өзгеруін меңзейді.

Басқарушылық инновациялар - белгіленген міндеттерді тезірек, сапалырақ шешу үшін қоладаныстағы басқару жүйесінің элементтерін жаңа басқарудың құрылымдық мен әдістемелік нұсқасына ауысым болып табылады. Басқарушылық инновациялар – басқарудың көбінесе жаңа моделі болып табылады.

Ғылым мен практикаға қосатын үлесіне байланысты инновациялар теориялық және практикалық болып бөлінеді. Теориялық инновацияларға ғылыми ізденіс нәтижесінен алынған білім берудегі, оқыту әдістемесіндегі жаңа тұжырымдар, тұғырлар, гипотезалар, бағыттар, заңдылықтар, жүктемелер, қағидалар жатады. Практикалық инновацияларға – жаңа әдістемелер, ережелер, алгоритмдер, бағдарламалар, дидактика саласындағы ұсыныстар, оқытудың техникалық құралдары, құралдар мен модельдер жатады [7, 4-б.].

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мақсаты нақты міндеттер арқылы орындалады. Инновацияларды басқарудың негізгі міндеттеріне:

1. Оқу-әдістемелік жұмысына қолданылатын инновацияларды жобалау;
2. Оқу-әдістемелік жұмысына қолданылатын инновациялық жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру;
3. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды ресурстармен қамтамасыз ету;
4. Оқытушылардың тиісті құзыреттілігін қалыптастыру;
5. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды нормативтік, әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету;
6. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың жүзеге асуын мониторингілеу;
7. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың тудырған нәтижелеріне сараптама жүргізу.
8. Кері байланыс орнату;
9. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың нәтижесін талдау және дамыту.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін арнайы бір нормаларға сүйену көмегімен жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың нормалары ең алдымен ұстанатымдардан тұрады.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың келеі негізгі ұтанымдары бар: *жүйелілік пен тұтастық, синергетикалық, мақсаттық - бағдарлылық, технологиялық, құзыреттілік, нәтижелілік, кері байланыстық* ұстанымдар.

Жүйелілік пен тұтастық ұстанымы. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды жүйелік табиғатын басшылыққа алу оны тиімді ұйымдастырудың алғышарттарын құрауға негіз болады. Бұл инновацияларды бақаруды тұтас жүйе ретінде қарастырып, оның негізгі қасиеттеріне сүйенуге мүмкіндік береді. Жүйенің интегративті сапасы ескеріліп, бір компоненттегі өзгерістер басқа компонент, не тұтас жүйенің өзіне өзгеріс енгізе алады. Сөйтіп,

жүйенің басқарудағы біртұтастық жүйенің барлық компоненттерінің дамуына, тұрақтануына, нығаюына ықпалы болады.

Синергетикалық ұстаным. Бұл тұрғыдан алғанда, жоғары оқу-орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды ұйымдастыратын адамдар, арнайы құрылымдық институттар - ашық және өзгертін, сыртқы ортамен қарым-қатынасы арқылы өзін-өзі дамытуға өзіндік мүмдігі бар жүйе. Осындай сапаларын атай отырып, оқу-әдістемелік жүйенің барлық деңгейлерінің де синергиялық қасиетін көруге болады. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару әрекеті өзінің мүмкіндіктері, ресурстары арқылы білім алушылар мен педагогтардың өзіндік дамуы мен өзіндік білім алуын ұйымдастыратын синергиялыққа негізделеді. Сөйтіп, басқаруда синергетикалық принциптің сақталуы педагогтардың, білім алушылардың, шығармашылық топтардың, білім беру ұйымының, т.б. өзін-өзі басқару негізінде дамуын қамтамасыз етеді.

Мақсаттық-бағдарлылық ұстаным жоғары оқу-орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталуын, сонымен қатар жүйенің барлық компоненттеріндегі өзгерістер жалпы жүйе мақсатына сәйкес ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл принцип сонымен қатар мақсат қою барысындағы ізденушілік пен зерттеушілік әрекеттер негізінде басқару алды талдау қызметін де қамтиды.

Технологиялық ұстаным инновацияларды басқару алдына қойылған міндеттерді орындаудың технологиялық реті құрастырылып, қажетті ресурстардың алдын-ала анықталуын қамтамасыз етеді. Технология талаптарына сай қатысушылардың қызметтерін бөлісу және оларды үйлестіріп отыру ұйымның мақсатына қарай жылжуын қамтамасыз етеді, бұл принцип инновацияларды басқаруға қатысушы адамдар мақсаты мен оқу-әдістемелік жүйенің даму мақсатын сәйкестендіріп отыруға мүмкіндік береді;

Құзыреттілік ұстанымы жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқаруға қатысушылардың мақсатты орындауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктері болуын қажет етеді. Инновацияларды басқару – ақпараттық, коммуникативтік, рефлексиялық әрекеттер арқылы жүзеге асырылады, өйткені, жобалау барысында қамтылатын педагогикалық талдаулар мен шешімдер, болжау мен жоспарлау қызметтері негізінен оған қатысушылардың құзыреттіліктеріне байланысты. Бұл құзыреттіліктер адамдарға өз тәжірибесінен байыптай, зерттей отырып, проблемаларды талдау, бағалау, арқылы нәтижелі қызмет жасауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс ұстанымы. Инновацияларды басқаруды ұйымдастыруда мақсат-міндеттермен қатар күтілетін нәтижелер белгіленеді. Оқу-әдістемелік жұмыс нәтиженің орындалу барысы, жолдары мен тәсілдері талданып, объективті баға беріледі. Кез келген оқу-әдістемелік жүйе - ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде әлеуметтік ортамен, ата-аналармен, түрлі қоғамдық, ұйымдарымен, сонымен қатар ұйым ішіндегі адамдармен диалогтық қатынас ұйымдастыра алады. Өзіндік түзету, коррекциялау, өз әрекетіне өзгеріс енгізу арқылы нәтижелердің тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Нәтижелілік ұстанымы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару нәтижесінде орындалуы тиіс күтілетін нәтижелердің алдын - ала нақты сипатталуы мен оған қол жеткізуге бағытталған технологиялар мен тиімді әдіс - тәсілдердің, ресурстардың таңдалуымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар, нәтижелердің мақсатқа сәйкестілігі сараптамалар арқылы анықталады.

Сонымен қатар, оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару қызметтерінің нәтижелері жүйе ішіндегі өзара тығыз байланыста болып келетін көптеген факторларға – *ресурстар мүмкіндігіне, ұйымдастырушылық ерекшеліктеріне, педагогтар құндылықтарына, сыртқы ортамен байланысына* т.б. – тәуелді екені ескеріледі.

Көрсетілген ұстанымдар жоғары оқу орындарының интерактивті оқыту жүйесін басқаруды жан-жақты тұғырларда жүзеге асыруға қолаушылығын тигізеді. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың бірнеше тұғырлары қалыптасқан: жүйелілік тұғыр, біртұтастық тұғыр, үрдістік тұғыр, синергетикалық тұғыр, құрылымдық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, жобалаушылық тұғыр, жеке тұлғалыққа бағдарланған тұғыр, техникалық дамыту тұғыры және тағы да басқалары.

Қалыптасқан тұғырлар бойынша инновацияларды басқару, сонымен қатар, арнайы қағидаларды ұстануға негіздейді. Теориялық тараптан басқарушылыққа тән қағидалар қатарына келесілер кіреді: оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың жағдайларының басқарылымды ауысуы; стихиялық бақарудан саналы басқару механизмдеріне ауысу; ақпараттық, материалды-техникалық және кадрлық қамтамасыз етілуі; инновациялық үрдістің нәтижесін болжау; инновациялық үрдістердің тұрақтылығын күшейту; инновациялық үрдістердің дамуын тездету. Сонымен қатар, жалпы басқарушылық қағидалар: объективтілік, заңдылық, жоспарлық, нәтижелілік, студенттерге

бағдарланған, жеке тұлғаға бағдарланған, білім сапалылығы, құзерттілігін арттырушы тиімділік және тағыда басқалары.

Жоғарыда көрсетілген теориялық модельдің барлық элементтерін жүйелі жүзеге асыру арқылы жоғары оқу орындарында интерактивті оқыту технологиялары арқылы студенттердің педагогикалық рефлексиясын қалыптастыруда, сапалы білім беруде оқу-тәрбие үрдісін мақсатқа сәйкес нәтижелі болуына мүмкіндік туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хуторской А. В. *Технология эвристического обучения // Школьные технологии, 1998. - № 4. - С. 55-57.*
2. Андреев, В.И. *Эвристическое программирование учебно-исследовательской деятельности: методическое пособие. - М.: Высшая школа, 1981. - 240 с.*
3. Морозов А. В., Чернилевский, Д. В. *Креативная педагогика и психология: учебное пособие для вузов. - М.: Академический Проект, 2004. – 560 с.*
4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. *Инновационные методы обучения. – Алматы, 2009. - 341 с.*
5. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. *Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. - Алматы: Ғылым, 2001. – 296 с.*
6. Полонский В.М. *Инновации в образовании (методический анализ) // Инновации в образовании. - М., 2007. - №3. - 4-12 с.*

Бегимбаева А.А., Бактыбаева Л.К. СПЕЦИФИКА ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	224
Елькеева А.Б., Крымбай Б.С ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫННЫҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ	227
Әтемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А., Сарсенова Ж.Ұ. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚЫЗДАРЫНЫҢ БОЛАШАҚ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ	231
Кариев С., Кариева Қ. Ө. БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	235
Карпыкбаева А. С., Абдулхаков Б. Б. РОЛЬ ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ОБЩЕКУЛЬТУРНОМ РАЗВИТИИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ.....	238
Кошкарлова Ш.З., Алайдарова А., Беккожа Э. СПЕЦИФИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ КОЛЛЕДЖА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ И РОЛЬ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ В ЕЁ ОРГАНИЗАЦИИ	241
Назарбек Т. С., Гайруллаева Р. М. МАТЕМАТИКА ОҚЫТУЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ДАМУЫ	246
Мухамеджанова Ш. Т., Тлеужанова К. Т. ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ КАК ЦЕЛЬ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ.....	248
Мухитденова А. Т. ПРИМЕНЕНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА	252
Nessipbay G. B. STAGES OF FORMATION OF PUBLIC SPEAKING AND ITS COMPOSITE PARTS	255
Оспанова Г. Т., Солтанаева Е. М. ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ	258
Шахметова Д. С., Топанова М.С. РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО ВУЗА	263
Ашекеева Қ. Н. А. БАЙТҮРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	265
Нагымжанова К., Мусаханова М., Алтынбекова А. СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ТҮРҒЫДАН ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ МОДЕЛІ	269
Төребаева К.Ж., Қабылда М., Жаулыбаева Д. ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	274
Төребаева К.Ж., Жиенбаева Н., Смаил А. ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР	281
Турмамбеков Т. А., Абдраимов Р. Т., Курбанбеков Б. А., Ахметова А. Н. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ЭЛЕКТРОДИНАМИКА ТАРАУЫН БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	286
Shelestova T., Shishkina I. EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL SUPPORT OF THE EARLY FOREIGN LANGUAGES TEACHING.....	290

Саденова А. Е., Курманова Т.В., Азнабакиева М.А. КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	294
Абайдельданова М.К. ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА КЕЙС-СТАДИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ	297
Абдирасилова Г. Қ., Байтимбетова П. А. КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ	301
Aituarova B.M., Begaliev A.K., Nusupbaeva S.A., Satkenova Zh. HISTORY OF KARA-KHITANS (1125-1212)	305
Бекметова А. К. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ	306
Бурибаева М. А., Хамзина Ш. Ш. МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ: РОЛЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВОСПИТАНИИ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЙ ЛИЧНОСТИ	311
Yergaliyeva A., Abdykulova K GENDER SEGREGATED CLASSES: EFFECTIVE OR NOT?	316
Айтуарова Б.М., Бегалиева А.К., Нусипбаева С.А., Шанбаева Ұ.С. САҚ ТАЙПАСЫНЫҢ ТАРИХИ.....	319
Жилова Ю. П. ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ	321
Kadenov Ye.T. ANALYSIS OF SOCIO-PEDAGOGICAL INTERVENTION WITH CHILDREN- VICTIMS OF DOMESTIC VIOLENCE IN KAZAKHSTAN	324
Әлімбаева М., Әмірова К. ШӘКІЛДЕУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН ӨЛШЕУДІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ РЕТІНДЕ	328
Койлыбаева С.С. К ПРОБЛЕМЕ ПРЕДСТАВЛЕННОСТИ ПОНЯТИЯ ИНТЕНЦИЯ В ГУМАНИТАРНЫХ НАУКАХ	330
Космуратова А.Н. КОНТРОЛЬ ОБУЧЕННОСТИ КОММУНИКАТИВНЫМ УМЕНИЯМ.....	336
Мукашева А. Б., Самадин А. Н. ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В ВУЗЕ.....	340
Таубаева Ш., Насыров С.А. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ.....	345
Рахимжанова М.Б., Гитихмаева Л.М. ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ ГРАФИКИ ПРИ ОБУЧЕНИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ	349
Назарбек Т. С. ДАМЫТА ОҚЫТУДА КОНЦЕПЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	357
Саденова А. Е., Курманова Т.В., Азнабакиева М.А. КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	360

Салтанова Г. А., Берикова А. Б. ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	363
Насыров С.А., Аймаш Б.С. ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОФИЛАКТИКА СКЛОННОСТИ К ЗАВИСИМОМУ ПОВЕДЕНИЮ СТУДЕНТОВ ВУЗА	367
Сыдыков Б.Д., Сапажанов Е. БОЛАШАҚ ӘСКЕРИ МАМАНДАРҒА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ КӘСІБИ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	371
Назарбек Т. С. ОҚУШЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ҮЙРЕТУ	376
Касымбекова М. А., Чакликова А. Т. КОГНИТИВНО-КОММУНИКАТИВНЫЙ ПРОФИЛЬ ОБУЧАЮЩИХСЯ КАК ИНСТРУМЕНТ ДИАГНОСТИКИ МЕЖКУЛЬТУРНО -КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ	378
Таубаева Ш. Т., Токтасынова А. Г. СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОПЫТА ПРИМЕНЕНИЯ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ В ПРЕВЕНТОЛОГИИ В РОССИИ И КАЗАХСТАНЕ	381
Успанова Д. К. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИССЛЕДОВАНИЮ ПРОБЛЕМЫ ИЗМЕРЕНИЯ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ.....	385
Чункенова С. С. БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	389
Шермантаева Ж.У. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТИІМДІ ТӘСІЛ.....	393
Динмухаметова К.К., СТРАТЕГИЯ И ТАКТИКА В КОММУНИКАТИВНОМ ПРОЦЕССЕ	396
Әбу А. Ж., Байсалова Г.Ж. ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН «ЖОҒАРЫ МОЛЕКУЛАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР ХИМИЯСЫ» КУРСЫНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	399
Бердалиева А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ ПО ИЗУЧЕНИЮ РОСТСТИМУЛИРУЮЩЕЙ АКТИВНОСТИ В ЭКОЛОГО-БИОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ.....	402
Шмидт М.А., Ержанова Г.Ж., Майлыбаева Г.С. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	404
Ашекеева Қ.Н., Сайлау А.М. БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ.....	410
Разиева К.Д., Исламов Р.А., Бактыбаева Л.К. АПРОБИРОВАНИЕ МЕТОДА ФЛУОРЕСЦЕНТНОЙ МИКРОСКОПИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АКТИВАЦИИ NF-KB СИГНАЛЬНОГО ПУТИ КЛЕТОЧНЫХ ЛИНИЙ HELA И МОНОНУКЛЕАРОВ ЧЕЛОВЕКА.....	412
Жаркова И.М., Калинина Т.А. РОЛЬ РАЗЛИЧНЫХ ПОДХОДОВ ОСВОЕНИЯ ИММУНОЛОГИЧЕСКИХ И ГИСТОЛОГИЧЕСКИХ МЕТОДИК В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ СТУДЕНТАМ БАКАЛАВРИАТА.....	419
Байтаева Г.Р. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ МЕНЕДЖЕРОВ В ВУЗе	422